

Техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 451 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 27 маусымда № 13826 болып тіркелді.

"Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 89-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі
_____ Қ. Бишімбаев
2016 жылғы 31 мамыр

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2016 жылғы 31 мамырдағы
№ 451 бұйрығымен бекітілген

Техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу қағидалары

1–тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 89-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімі (бұдан әрі – тізілім) механикалық көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне міндетті техникалық қарап-тексеру жүргізуді жүзеге асыратын техникалық қарап-тексеру операторларының бірыңғай тізбесін жүргізу мақсатында құрылады.

3. Тізілім бірыңғай, мерзімдік нақтыланып отыратын техникалық қарап-тексеру операторларының және олар туралы барлық қажетті ақпараттық-анықтамалық сипаттағы мәліметтерді қамтитын тізбені білдіреді.

4. Тізілімді енгізуді және оны жүргізуді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көліктік бақылау органдары) ұсынған ақпараттың негізінде жүзеге асырады.

2–тарау. Техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу тәртібі

5. Тізілімге енгізу "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Рұқсаттар туралы Заңы) 46-бабында көзделген тәртіпте жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның көліктік бақылау органдарына техникалық қарап-тексеру операторлары қызметінің басталғаны туралы хабарламасын ұсынуын көздейді.

6. Тізілім мынадай мәліметтерді қамтиды:
техникалық қарап-тексеру операторының атауы;

- 2) техникалық қарап тексеру операторының мекенжайы (индекс, облыс, аудан, қала (кент, ауыл), көше, үй), байланыс телефондары, электрондық пошта мекенжайы;
- 3) стационарлық техникалық қарап-тексеру желісінің орналасқан орны;
- 4) стационарлық техникалық қарап-тексеру желісінің жұмыс режимі;
- 5) стационарлық және ұтқыр техникалық қарап тексеру желілерінің түрі, саны;
- 6) техникалық қарап-тексеру операторының қызмет ету өңірі;
- 7) тізілімге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар;
- 8) тізілімнен алып тастау;
- 9) бастапқы тексеру нөмірі мен күнін көрсете отырып, бақылау-диагностикалық жабдық, сондай-ақ өлшеу құралдарын тексеруді жүргізген ұйымның орны мен атауын көрсете отырып, өлшеу құралдарын тексеру туралы сертификаттың нөмірі мен күні көрсетілген мерзімді тексерулер бойынша мәліметтер;

10) стационарлық техникалық қарап-тексеру желісінің орналасқан жерінің кадастрлық нөмірі, үй-жайды жалға алу кезінде жалдау шартының нөмірі мен жасалған күні, жалға алу мерзімі және жалға алынған үй-жайдың кадастрлық нөмірі көрсетіледі.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 26.04.2023 № 298 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-1. Техникалық қарап-тексеру операторының қызметін ашу кәсіпкерлік субъектісінің тіркелген жері бойынша әкімшілік-аумақтық шекаралар шегінде өзінің тіркелген жері бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағида 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 26.04.2023 № 298 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Көліктік бақылау органдары техникалық қарап-тексеру операторлары қызметінің басталғаны туралы хабарламаны қабылдаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органға осы Қағидалардың 6-тармағы 1) - 6) тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді уәкілетті органға ұсынады не толық мәліметтер ұсынылмаған кезде хабарламаны қабылдамайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 26.04.2023 № 298 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Уәкілетті орган тізілімді өзінің www.mid.gov.kz интернет-ресурсында орналастыруды жүзеге асырады.

9. Жеке кәсіпкердің заңды мекенжайы, заңды тұлғаның орналасқан орны, қызметті немесе іс-қимылды жүзеге асыру мекенжайы, сондай-ақ олар туралы ақпарат техникалық қарап-тексеру операторлары қызметінің басталғаны туралы хабарламада көрсетілген хабарламаны толтыру үшін міндетті болып табылатын тіркеу деректері

		Мекен жайы (индексі, облысы, ауданы, қала (кент, ауыл), көше, үй), Байланыс телефондары, техникалық қарап-төксеу операторының атауы	Техникалық қарап-төксеудің стационарлық желісін ің орналасқан жері	Техникалық қарап-төксеудің стационарлық желісін ің жұмыс режимі	Техникалық қарап-төксеудің стационарлық желісін ің типі және саны	Техникалық қарап-төксеудің ұтқыр желісін ің типі және саны	Техникалық қарап-төксеу операторы қызмет өңірі	Техникалық қарап-төксеу операторының тізілімі не енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар	Техникалық қарап-төксеу операторының тізілімі не алып тастау	тексеруден өткен нөмірі мен күні көрсетілген бақылау-диагностикалық жабдығы, сондай-ақ өлшеу құралдарын тексеру туралы сертификаттың нөмірі мен күні көрсетілген мерзімдер бойынша мәліметтер, өлшеу құралдарын тексеруді жүргізген орны мен ұйымы атауы	Стационарлық техникалық қарап-төксеу желісін ің жерге кадастрлық нөмірі, үй-жайдың жалға алған жағдайда жалға алу шартының нөмірі мен жасалған күні, жалға алу мерзімі және жалға алынған үй-жайдың жеріне кадастрлық нөмірі көрсетілді
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК